



**KAZ MINERALS PLC**  
6TH FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2020 жылғы 30 шілде

## **KAZ MINERALS ТОБЫ 2020 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ**

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында KAZ Minerals Тобы 153,8 мың тонна мыс<sup>1</sup> өндірді – бұл 2019 жылдың бірінші жартысына қарағанда (147,6 мың тонна) 4%-ға артық. Бұған негізінен байыту фабрикаларының өткізу қабілетінің жоғары болуы және Бозшакөл кеніндегі мыстың жоғары мөлшері себепкер. Алтынның<sup>2</sup> өндірісі 25%-ға артып, 109,7 мың унцияға дейін жетті (2019 жылдың бірінші жартысы: 87,7 мың унция).

Биылғы алғашқы жарты жылда ШҚО-дағы Ақтоғай КБК-де 67,6 мың тонна, Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-де 60,4 мың тонна, Шығыс өңірдің кәсіпорындарында және Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде 25,8 мың тонна мыс<sup>2</sup> өндірілді.

KAZ Minerals барлық металдарды өндіру бойынша жоспарланған көлемге қол жеткізу жолында келеді. Дегенмен екінші жартыжылдықта Covid-19 әсер ету қауіпін ескереді.

### **Covid-19 бойынша жаңа ақпарат**

Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін, денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету – Топ үшін басым бағыттардың бірі. KAZ Minerals-та қызметкерлерді қорғаудың кешенді шаралары қабылданды. Осы уақытқа дейін Covid-19-дың кесірінен өнімді өндіруде немесе өткізуде айтарлықтай үзілістер болған жоқ. 2020 жылғы 5 шілдеде Қазақстан карантин шараларының екінші кезеңін енгізді. Бұл жалпы ел үшін және Топтың екінші жартыжылдықтағы операциялық іс-қызметі үшін жоғары қауіп-қатер бар екенін көрсетеді. Қызметкерлер мен мердігерлердің қозғалысына қойылған қазіргі шектеулер және кейінге қалдырылған техникалық қызмет көрсету келесі жарты жылда өндірістік көрсеткіштер мен үлестік шығындарға әсер етуі мүмкін.

Ақтоғай мен Бозшакөлде қызметкерлердің вахта ауыстыруы 22 наурыздан бастап шамамен екі айға тоқтатылған еді. Мамыр айының соңында ауысым қайта басталды, бірақ олардың санын азайту мақсатында жаңа жұмыс кестесі енгізілді. Жақында Ақтоғай КБК-де ПТР-тестілеу орталығы ашылды.

Вахтаға келген әрбір қызметкер тестілеуден өтіп, арнайы оқшаулауда болады. Бозшакөлде бұл тау-кен қызметкерлерінің жетіспеушілігіне әкеп соқтырды. Сондықтан өңдеуге арналған кен көлемін сақтау үшін шикізатты барынша қысқа қашықтыққа тасымалдау және бос тау жыныстарын аршуды азайту туралы шешім қабылданды. Егер жағдай осы қалпында сақталса, алдын ала жинақталған құрамында металы төмен кен қолданылуы мүмкін.

Адамдар қозғалысының шектелуі мердігерлер мен халықаралық қызметкерлердің Топтың өндірістік алаңдарына жетуін де шектеп отыр. Егер жағдай реттелмесе, бұл екінші жартыжылдықта техникалық қызмет көрсетуге және басқа да қызмет түрлеріне кері әсер етуі мүмкін.

Шығыс өңір мен Бозымшақта да қажетті қорғау шаралары қабылданды. Шығыс түстіметтің қызметкерлері күнделікті жұмысқа барып жүр. Қазақстанда Covid-19-ға шалдығу санының артуына байланысты, сондай-ақ, тұрғындарды тестілеу мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты қауіп-қатер артуы ықтимал.

### **Ақтоғай**

2020 жылдың бірінші жартысында Ақтоғайдағы кен өндіру 19%-ға азайып, 19,7 млн тоннаны құрады (2019 жылдың бірінші жартысы: 24,2 млн тонна). Себебі, оксид өндірісінде бұрын өндірілген кенді қайта суландыруға деп қойылып, шикізатты өндіру уақытша тоқтатылды. Өндірісті 2020 жылдың үшінші тоқсанында қайта бастау жоспарлануда. Негізгі байыту фабрикасын қамтамасыз ету үшін сульфидті кен қажетті

<sup>1</sup> Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

<sup>2</sup> Концентраттағы ақысы төленетін металл

мөлшерден артық өндірілді, өйткені Ақтоғайды кеңейту жобасы аясында игеру жұмыстары жалғасуда.

Өңдеу көлемінің қысқаруына, кендегі мыс мөлшерінің төмендеуіне және бөліп алу коэффициентінің уақытша төмендеуіне байланысты бірінші жартыжылдықта сульфидті кеннен мыс өндіру 10%-ға, яғни, 56,1 мың тоннаға дейін (2019 жылдың бірінші жартысы: 62,3 мың тонна) қысқарды. Тоқсандық есепте өндіріс 27,2 мың тоннадан 28,9 мың тоннаға дейін өсті. Мыс мөлшерінің төмендеуі кен өңдеудің жоғары көлемімен және бөліп алу коэффициентімен өтеледі.

Оксидті кеннен катодты мыс өндірісі бірінші жартыжылдықта тұрақты болып қалды – 11,5 мың тонна (2019 жылдың бірінші жартысы: 11,8 мың тонна), тоқсандық бөліністе - 5,4 мың тонна (2020 жылдың 1-тоқсаны: 6,1 мың тонна).

Сөйтіп, бірінші жартыжылдықта, жоспарланғандай, жалпы мыс өндірісі 9%-ға азайып, 67,6 мың тоннаны құрады (2019 жылдың бірінші жартысы: 74,1 мың тонна). Екінші жартыжылдықта кендегі мыстың орташа мөлшерінің төмендеуін ескере отырып, Ақтоғай 120-130 мың тонна көлеміндегі жылдық жоспарлы аралыққа қол жеткізу жолында келеді. Өндіріске Covid-19-ға байланысты үзілістер әсер етуі мүмкін.

### **Бозшакөл**

Бозшакөлде кен өндіру 2020 жылдың бірінші жартысында сульфидті кендерге қол жеткізу үшін каолин балшығы бар шикізатты аршуды қысқарту есебінен 19%-ға, яғни, 14,3 млн тоннаға дейін (2019 жылдың бірінші жартысы: 17,5 млн тонна) азайды. Жалпы бұл төмендеу кеніштің жоспарларына сәйкес келеді және сульфидті кен өндірудің 16%-ға өсуімен ішінара өтеледі.

Жоғары өткізу қабілетінің және кен құрамындағы металдың жоғары орташа мөлшерінің арқасында мыс өндірісі 28%-ға артып, 60,4 мың тоннаны құрады (2019 жылдың бірінші жартысы: 47,1 мың тонна). Екінші тоқсандағы 30,6 мың тонна көлемінде мыс өндіру бірінші тоқсаннан 3%-ға жоғары (29,8 мың тонна), өйткені өңдеудің аз көлемі металдың кендегі жоғары құрамымен өтелді.

Мыс өндірісінің жоспарлы жылдық аралығы 110-120 мың тонна деңгейінде сақталады. Дегенмен өндіріске Covid-19 байланысты үзілістер, сондай-ақ, жылдың екінші жартысындағы жоспарлы техникалық қызмет көрсету әсер етуі мүмкін.

2020 жылдың алғашқы жартысында алтын өндіру өңдеу көлемінің ұлғаюы, кендегі металдың орташа мөлшерінің және бөліп алу коэффициентінің жоғары болуының арқасында 40%-ға артып, 83,3 мың унцияға (2019 жылдың бірінші жартысы: 59,6 мың унция) дейін жетті. Екінші жартыжылдықта металл мөлшерінің және қайта өңдеу көлемінің төмендеуіне байланысты өндіріс көлемінің азаюы жоспарланған. Алтын өндірісінің жылдық ауқымы 140-150 мың унция деңгейінде сақталып отыр.

Күміс өндірісінің көлемі бірінші жартыжылдықта өңдеу көлемі мен кендегі металл мөлшерінің ұлғаюы есебінен 465 мың унцияға дейін жетті (2019 жылдың бірінші жартысы: 334 мың унция), өсім 39%-ды құрады. Күміс өндірісінің жылдық жоспары шамамен 700 мың унция деңгейінде өзгеріссіз қалады – бұл екінші жартыжылдықтағы өңдеу көлемінің жоспарлы төмендеуіне байланысты.

### **Шығыс өңір мен Бозымшақ**

2020 жылдың алғашқы жартысында Шығыстүстіметтің кеніштерінде және Бозымшақта 2,1 млн тонна кен өндірілді - бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 6%-ға артық (1,9 млн тонна). Оған Бозымшақтағы құрамында металл мөлшері төмен кенді қосымша өндіру және жинақтау себеп.

Биылғы 25,8 мың тонна көлеміндегі мыс өндірісі былтырғы жылдың осындай кезеңнен 2%-ға төмен (2019 жылдың бірінші жартысы: 26,4 мың тонна). Бірақ тоқсандық есепте өндіріс көлемі айтарлықтай, яғни, 19%-ға артып, 14 мың тоннаны құрады (2020 жылдың 1-тоқсаны: 11,8 мың тонна). Бұл негізінен қаңтар айындағы жоспарлы тоқтаудан кейін Николаев кен байыту фабрикасының кенді қайта өңдеу көлемін арттыруына байланысты болды. Қазіргі уақытта Шығыс өңір мен Бозымшақ кеніші мыс өндірісінің жылдық көлеміне қол жеткізу жолында келеді. Ол шамамен 50 мың тонна.

Бірінші жартыжылдықта алтын өндіру – 25,8 мың унция (2019 жылдың алғашқы жартысы: 26,4 мың унция). Шығыс өңір мен Бозымшақ кәсіпорындарының жалпы қарқыны жылдық жоспарлы өндіріс ауқымына, яғни, 40-50 мың унцияға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2020 жылдың алты айындағы күміс өндірісінің көлемі - 1,03 млн унция (2019 жылдың бірінші жартысы: 930 мың унция). Тоқсандық бөліністе өндіріс 443 мыңнан 587 мың унцияға дейін өсті, бұл өңдеу көлемінің өзгеруіне және Шығыс өңір кеніндегі күміс мөлшерінің артуына байланысты. Күміс өндірісінің жылдық жоспары - шамамен 1,8 млн унция.

Концентраттағы мырыш өндірісі 23,8 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 29%-ға жоғары (18,4 мың тонна). Оған Шығыс өңірдің барлық шахталарының кеніндегі мырыш құрамының жоғары болуы әсер етті. Кендегі металдың құрамы әлі де ауыспалы болып отыр.

Компания жылдың екінші жартысында Covid-19 әсерінен барлық металдар бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуде қиындықтар болуын жоққа шығармайды.

| Топ өндірісіне қысқаша шолу |                  | 2020<br>жыл<br>6 ай | 2019<br>жыл<br>6 ай | 2020<br>жыл<br>2-тоқ. | 2020<br>жыл<br>1-тоқ. | 2019<br>жыл<br>2-тоқ. |
|-----------------------------|------------------|---------------------|---------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| <b>Мыс өндіру</b>           | <b>мың тонна</b> | <b>153,8</b>        | <b>147,6</b>        | <b>78,9</b>           | <b>74,9</b>           | <b>77,6</b>           |
| Ақтоғай                     | мың тонна        | 67,6                | 74,1                | 34,3                  | 33,3                  | 37,4                  |
| Бозшакөл                    | мың тонна        | 60,4                | 47,1                | 30,6                  | 29,8                  | 23,3                  |
| Шығыс өңір және Бозымшақ    | мың тонна        | 25,8                | 26,4                | 14,0                  | 11,8                  | 16,9                  |
| Алтын өндіру                | мың унция        | 109,7               | 87,7                | 54,3                  | 55,4                  | 44,3                  |
| Күміс өндіру                | мың унция        | 1 741               | 1 552               | 948                   | 793                   | 926                   |
| Мырыш өндіру                | мың тонна        | 23,8                | 18,4                | 14,8                  | 9,0                   | 12,2                  |

**KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам** былай деп мәлімдеді: "2020 жылдың екінші тоқсанында KAZ Minerals Тобы барлық кәсіпорындарда мыс өндірісін ұлғайтып, өндірістің 5% өсуін қамтамасыз етті. Бұл қазіргі күрделі операциялық ортадағы тамаша көрсеткіш және қызметкерлеріміздің табандылығын көрсетеді. Біз жылдың екінші жартысына Covid-19-ға байланысты қауіп-қатер аясында аяқ басып отырмыз. Дегенмен қазіргі уақытта барлық металдар бойынша өндіріс жылдық мақсаттарға жету жолында келеді".

**Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:**

#### KAZ Minerals PLC

|                 |                                                                 |                              |
|-----------------|-----------------------------------------------------------------|------------------------------|
| Анна Маллер     | Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон | <b>Tel: +44 20 7901 7814</b> |
| Мақсұт Жапабаев | Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы       | <b>Tel: +7 727 244 03 53</b> |
| Алмас Садықов   | Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы     | <b>Tel: +7 727 244 03 53</b> |

#### РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

**KAZ Minerals** – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2019 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 311 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 38 мың тонна концентраттағы мырыш, 201 мың унция алтын мен 3,382 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,35% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді.

Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші кварталға кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Құрылыстың болжамды күрделі бюджеті - шамамен \$7 млрд. Оның 10%-ға жуығы кеніштегі өндіріс басталғаннан кейін шығынданады. Жобаның егжей-тегжейлі көрсеткіштері 2020 жылдың соңына қарай, яғни, ТЭН аяқталғаннан кейін расталатын болады. Топ талдаушылардың консенсус-бағасы мен тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірінді құнның (NPV) айтарлықтай өсімін күтіп отыр. Баимская мыс жобасын іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 16 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.